

ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Б. М. Сүйеркүл

ф.ғ.д., А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері

Алматы қ.
akbotakoz@mail.ru

Адамның діни сенімі, нанымы мен көзқарасы міндетті түрде оның тіліне әсер етеді. Күнделікті сөзжұмсамы арқылы қоғамның кез келген мүшесінің діни сенімін, ұстанатын ағымын ажыратуға болады. Алайда дін мен тілдің ара қатынасын зерттеу елімізде лингвист ғалымдарының назарын әлі толық аударма қойған жоқ. Ал мұсылман елдерінің ғалымдары *мәдениетті* – діннің бір бөлігі деп санайды. Ислам ойшылы Мұхаммед Кутуб «Өркениет пен мәдениетті екіге бөлу – Батыстың көзқарасы, мұсылмандар үшін мәдениетсіз өркениет, өркениетсіз мәдениет жоқ. Ол екеуін бөліп қарастыруға болмайды!» [1, 48 б] деген.

Түркі әлемі қашан да ғұламалар мен білімпаздарға бай болған. Солардың ең ірі шоғыры орта ғасырлар еншісіне тиесілі. Олар, ең алдымен, діни сенімі, танымы мен нанымы түгел бір бағытқа жұмылдырылып, бір Алланың разылығы үшін ілім іздеген даналар болатын. Орта ғасырлардағы түркі жұртының діни санасының аса жоғары деңгейде болғаны мәлім. Ол кезде діни таным, шын мәнінде, қоғамдық сананың төрінен орын алған еді. Көзі ашық, сауатты, хат танитын адамның баршасы бүкіл қам-қарекетін, күш-жігерін «сауап жинауға» бағыттап, сол жолда сарқа жұмсауды парызым деп білген... Бұ дүниеде атқарған бар қызметінің, істері мен амалдарының о дүниеде сұрауы болатынын бір мезет естен шығармаған олар үнемі «сауап жинауға» тырысып баққан. Сондықтан әр қадамын, күллі игі шараларды бір Алланың атымен бастауды әдетке айналдырып, саналарына сіңірген...

Жалпы діни дереккөздерде адам баласы бұ дүниеден өткен соң да сауап жазыла беретін, яғни екі дүниеде де сауабы мол үш игі амал ретінде мыналар көрсетіледі: 1) артында *салих* ұрпақ қалдырса, яғни иманды болып тәрбиеленген балалары мен немерелері хақ жолын ұстанып, тірі жанға зиянын тигізбей, тек жақсылықтар жасаса және ата-анасының, бабаларының рухтарына ұдайы құран бағыштап отырса; 2) көзі тірісінде халық игілігіне жарайтын істер (жария садақа) істесе: мешіт, медресе, жол, көпір т. б. салдырса; 3) саналы ғұмырында ілім-білім жинап, оны жүйелеп хатқа түсірсе және сол жазғандарын кейінгі ұрпақ оқып, пайдасына асырып жатса...

Орта ғасырлық түркі ғалымдары осы аталғандардың ішінен, әсіресе соңғысына баса мән берген. Қазақы танымда бұл ой «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» деген нақылмен таңбаланған. Бұл үлкен дәстүр Әбу Насыр әл-Фарабиден бастау алып, Қожа Ахмет Йасауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмед Йүгінеки, Құл Әли, Құтыб, Сәйиф Сарай, Хорезми, Рабғұзи сынды саңлақтардың еңбектерінде жалғасын тауып,

Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр сынды ақындар мен ғұламалардың, қолбасшылардың кітаптарына айналды. Бұл дәстүрдің түркі-қыпшақ санасында берік орныққандығы соншалық, саналы өмірін қасиетті қыпшақ даласынан (Дешті Қыпшақ) жырақта өткізген, сонау Мысыр мен Шамда өмір сүрген «ілім-білім иелері» де кітаптарының беташарына «Бір Алланың разылығы үшін осы еңбекті бастадым, ... жаздым, ... өмірімді, күш-қуатымды осы жолда сарп еттім... Ей, оқушым! Сен де менің есімімді дұғадан қалдырма...» деген жолдарды міндетті түрде қосып отырған.

Қазіргі қазақ даласы орта ғасырларда сандаған білімпаздың кіндік қаны тамып, қасиетті мекені болғандығы ақиқат. Алайда бір ғана Отырардан шыққан даналардың – ұзын саны жиырмадан астам *әл-Фарабидің* біреуінің ғана есімін білгенімізбен, еңбектерін талдап бере алмайтынымыз өкінішті. Сол ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фарабиді ең алғаш елге танытып, еңбектерін «қазақша» сөйлетіп, үлкен сауапты іс істеген ғалым Ақжан әл-Машанидің жарқын бейнесін лайықты дәрежеде еске алып, баршамызға үлгі болар ерен еңбегін тиісті деңгейде насихаттай алмай жүргеніміз де шындық, біздің «жоғары технологиялар үстемдік еткен» заманымыздың ащы шындығы!

Ғылым мен дінді өзара сабақтастықта қарастырған ғалымдар кеңес кезінде өте аз болған. Солардың бірі және бірегейі – геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі және академияның корреспондент мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерін әлемнің әр түкпіріндегі кітапханалардан, ал зиратын Сириядан тауып, оның қыпшақтық тегін танып, «қазаққа баба еткен» (Д.А.Конаевтың сөзі) Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани. Ғалымның геология-минералогия, геомеханика салаларына арналған екі жүзден астам еңбектерінен бөлек, «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» [2] сияқты көптеген кітаптарының құндылығы өте жоғары және қазіргі қоғам мен заманауи ғылым үшін берері мол.

Хакім Абайдың 150 жылдығы қарсаңында жазылған «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегінде ғалым халқымыздың мың жылдық мәдени тарихының үндестігін зерделейді. Абай дүниетанымының, ғылымының бастауы орта ғасырлық араб, шығыс елдерінде жатқанын, оның көш басында ғұлама бабамыз әл-Фарабидің тұрғанын, екі дананың арасын жалғап тұрған ғылымның даңғыл жолы, мың жылдан кейінгі үндестіктің дәнекері, ғылым атаулының бастауы Құран Кәрім болғандығын дәлелдеген.

Ақжан әл-Машани – барлық ғылымдардың басын біріктіруші ислам дініне, мұсылманша ілімге, ислам философиясына ерекше ден қойған ойшыл ғалым. Ол ғылым мен ислам дінінің байланысының сырын ашып, оларды бір-бірінен бөлек қарауға болмайтынын дәлелдеп кеткен. Дүниеден озарынан бір ай бұрын «Алдаспан» тәуелсіз журналына сұхбат берген әл-Машани халқына

мынадай өсиет айтқан екен: «Кісіліктің өлшемі – білімділік. Қазақ жастары тек білімділікке ұмтылулары керек. Тәуелсіз еліміздің тұтқасын ұстау үшін де білімді болуы керек. Ал бар ғылымның тоғысар арнасы, зәулім шырқау шыңы – қасиетті Құран кітабын оқуды аманат етемін. Ислам діні – ең таза, ғылымға негізделген, исламның бір үлкен парызы – ғылым. Ата-бабаларымыз қастерлеген сол дінді қадірлеп, имандылыққа бет бұрған ұрпақтарымыз ертеңгі өмірі арайлы болатынына сенемін». Ғалымның осы тақылеттес ой-тұжырымдары «Исламның ғылыми негіздері» атты қолжазбасында қатталыпты [2]. Ол еңбекті ой елегінен өткізіп, ғылыми жұртшылықтың игілігіне айналдыру – келешектің еншісінде.

Осы тұста Әбу Насырдан бөлек, алғаш Отырар кітапханасында білім нәрімен сусындап, көкірек көзін ашқан, кейін ілім жолындағы ізденісін Бағдад пен Шамда, Каирде жалғастырған, артында ғылымның сан түрлі салалары бойынша баға жетпес құнды мұралар қалдырған *әл-Фарабилердің* есімдерін атап, жат жерде сақталған еңбектерін саралап, ел назарына ұсынған, алақанға салғандай анық етіп түгендеп берген арабист ғалым, профессор Әбсаттар Дербісәлінің орасан зор еңбегін атап өткеніміз жөн. Автордың «Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері» [3] атты кітабында орта ғасырларда қазіргі қазақ жерінде өркендеген қалалар мен олардан шыққан даналар туралы тың мәліметтер келтірілген. Ғалымның алғашқыда «Қазақ даласының жұлдыздары» деген атаумен шыққан, кейін толықтырылып, өңделіп қайта жарық көрген бұл кітабын парақтар болсақ, Отырардан (/Тарбанд/Тұрбан) шыққан 11 ойшыл, Фарабтық (Фараб//Бараб) тағы да жаңа 9 ғұлама (бұрынғы басылымда жиырмаға жуық Фарабилер туралы мәлімет келтірілген-ді), Шауғар-Иасылық (Қожа Ахмет Ясауиден бөлек!) 9 кемеңгер, Сайрамдық (Исфиджаб, Аққала) 22 ойшыл, Женд, Усбаникастан шыққан 20-ға жуық дарабоз, Тараздық (Талас) 10 тарлан, Шелжілік 3 данышпан, Жікілдік 5 ғұлама мен олар жазып қалдырған, бүгінде араб елдерінің көне кітапханаларында сақтаулы, зерттеушісін күтіп сарғайып жатқан еңбектері туралы деректерді кездестіреміз. Бұлардың бәрі өз заманында туған қаласының атауын өз ныспысына, әкесі мен ата-бабаларының есімдеріне тіркестіре қолдану арқылы, кіндік қаны тамған жұртының атын шығарып, даланың даналық мектебін жат жерлерде дәріптеген білімпаздар еді.

Біздің айтпағымыз, сандаған материалдық игілікке қол жеткізгенімізбен, бірнеше жоғары оқу орнын бітіргенімізбен, анығы мен танығын ажырата алмай, бабалар салып кеткен сара жолдан адасып жүруіміздің себебі не? «Еуропаша» білім алмаған түркі-қыпшақ ғұламаларының шыққан биігіне көз жеткізе алмай отыруымыз бізге – бүгінгі ұрпаққа үлкен сын! Осындай сан сұрақтың жауабы, біздіңше, біреу-ақ. Екі дәуір, *екі тарихи кезеңдегі білім қуғандардың ғылымға келген жолы екі түрлі*: ғылым әлемін үлкен биік бір тауға ұқсатар болсақ, қазіргі ғылымдар классификациясы бойынша, *жаратылыстану, қоғамдық-әлеуметтік, гуманитарлық ғылымдар* сияқты *адамтану бағытындағы*, адам мен адамзат қоғамына қатысты ғылымдар іштей тармақталып, жіктеліп кете

беретіндіктен, таудың етегінен орын алады, уақыт өткен сайын, ғылым мен техниканың даму қарқыны арта түсетіндіктен, ғылым салалары да көбейіп, бір-бірінен туындап, бір-бірімен қиылысуы нәтижесінде жаңа аралық салалар пайда болып, теориялық ізденістер көбейіп, тереңдей береді. Ал *зерттеушілер* – өмірі өлшеулі, физикалық, әлеуметтік т. б. әлеуеті шектеулі пенде болғандықтан, бір ғана ғылым саласына бүкіл ғұмырын арнағанымен, оның «түбіне жете алмайды». Мұны қазақ тілдік санасына «*Білгенім – тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз*» деген бір ауыз сөзбен түйген. «Алып таудың» тоқсан тоғыздан бір бөлігіне жеткенде, адамның көзінің нұры тайып, қол-аяғынан әлі де кетеді, «*үш дауасыздың*» бірі (ажал) де келіп жетеді...

Ал орта ғасыр ғұламалары «Ә дегенде» *таудың сонау ұшар басына* көз тігеді, қанаты талмай тұрғанда-ақ «*Ғаламтанудың*» көгінде еркін самғайтындай дәрежеге жетеді, яғни, ең алдымен, «*Аллатану*» ғылымын меңгереді, сауатын «*Құран Кәрімнің*» ақиқатымен сусындай отырып ашады, өмірде сол білімдерін үнемі қаперде ұстап, Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистерін («Білімді игеру – әрбір мұсылманның міндеті», «Менің алдымда білім – жалбарынудан әлдеқайда биік тұрады...») [4] басшылыққа алады. Екі дүниенің құпиясы қатталған, он сегіз мың ғаламның сыры сақталған қасиетті кітапты оқып шыққан соң ғана, ғылымға келеді...

Сонда «биік таудың ұшар басынан» төмен қарай қай жолмен түссе де, қиналмайды, басқаша айтқанда, біраз уақытта ғылымның бірнеше саласын еркін меңгеріп, әр сала бойынша құндылығы жоғары еңбектер жазады. Әбу Насыр әл-Фарабидің *математика, логика, философия, тілтаным, әдебиеттану, музыка, астрономия т. б.* сияқты бірнеше ғылым саласы бойынша жазған трактаттары әлі күнге маңызын жоймай отырғаны, тіпті күн өткен сайын құны артып жатқаны анық! Әбу Райхан әл-Бируни, Әбу Әли Ибн Сина (Авицена), Ұлықбек т. б. с. с. Ғылымның бірнеше саласын қатар меңгерген шығыс жұлдыздарының күн өткен сайын жарқырай түсуінің бір сыры осында болса керек!

Сонымен тәуелсіздік кезеңі адамдардың күнделікті өміріне діни, рухани құндылықтардың дендеп ене бастауымен ғана емес, дін мен ғылымның арасындағы байланыстың да айқындала түсуімен, олардың өзара жақындай түсуімен де ерекшеленеді. Осындай үрдістің ықпалымен пайда болып, қалыптасып келе жатқан аралық ғылым саласының бірі – дін мен тілдің өзара байланысын зерттейтін *теолингвистика*.

Жалпы қазақ тіл білімінде теолингвистика бағытында жазылған зерттеулер біршама. Солардың ішінде, профессор Б.Сағындықұлының «Ғаламның ғажайып сырлары» (1997) атты еңбегін [5], Ы. М. Палтөренің «Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы» [6] тақырыбындағы философия докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясын (2012) атағанымыз жөн.

Тіл білімінде «Теолингвистика» сияқты жаңа бағыттың қалыптасуы мен дамуының ғылыми-теориялық қағидалары арнайы зерттеуді қажет етеді. Тарихи теолингвистиканың зерттеушілер алдына қойылатын проблемаларының шеңберін былайша анықтауға болады: тіл біліміндегі жаңа

бағыт ретінде тарихи теолингвистиканың мақсатын, міндеттерін, зерттеу нысаны мен материалын айқындау, теолингвистиканың тіл білімінің өзге салаларымен байланысын, ортақ және жеке проблемаларын анықтау, қазақ қоғамында діни негізде өткізілетін түрлі дәстүрлі және жаңа әлеуметтік шаралардың прагматикалық ерекшеліктерін тарихи жазба ескерткіштер мәтіндерімен салыстыра талдау арқылы анықтау, олардың ұлттық ойлау жүйесіне, қазақ этносының діліне қатысын бағамдау, осындай өзгерістердің орын алуына себеп болған лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды анықтау, қазіргі діни дискурста орын алып жатқан оң және теріс өзгерістерді анықтау, діни мазмұндағы жазба ескерткіштер мәтіндерін лингвотеологиялық қырынан талдау, қазақ тілінің фразеологиялық және паремиологиялық қорындағы діни лексиканың ролі мен орнын анықтау, теологиялық және теолингвистикалық терминология мәселелері т. б.

Теолингвистика (гректің *theos* “күдай” және латынның *lingua* “тіл” деген сөздерінен) – тіл мен діннің тоғысында пайда болған ғылым саласы. Ол діннің тілмен байланысын айшықтайтын және онда берік орныққан көріністерін қарастырады. Ғылыми әдебиеттерде оған «тіл білімінің *дін тілін* тар және кең мағынасында зерттейтін саласы» [7, 290-б.] деген анықтама берілген.

Теолингвистиканың дербес ғылыми бағыт ретінде танылуына А.К.Гадомский [8; 9], Н. Б. Мечковская [10], С. И. Шамарова [11; 12] сынды ресейлік ғалымдар өзіндік үлесін қосып келеді. Ресейде А.К. Гадомский аталмыш саланың негізін салушы ретінде мойындалған. Ол ұсынған «теолингвистика», «дін тілі//діни тіл», «діни стиль» сияқты терминдер *ғаламның діни бейнесі* мен *ғаламның тілдік бейнесі* арасындағы өзара байланысты барынша дәл, сәйкес түрде айшықтайтындықтан, ғылыми айналымға еніп, орыс, башқұрт зерттеушілерінің еңбектерінде тұрақты қолданылып жүр [7].

Жалпы шетелдік және ресейлік зерттеушілердің еңбектерінде «теолингвистика» терминіне балама ретінде «сакролингвистика» /сакралды – *қасиетті, киелі, шарапатты д.м./*, «діни лингвистика» «теопоэтика», «лингвистикалық дінтану» «православтық лингвистика» деген атаулардың жұмсалып жүргені айтылады [8, 362-363-бб.; 9, 16-26-бб.]. Осылардың ішінде «күдай», «тәңірі», «жаратушы» сияқты лексемалардың және тіліміздегі діни сенімді білдіретін көптеген атаулардың ұғымдық аясын барынша толық қамтитын «теолингвистика» нұсқасын негізгі термин ретінде алуға болады. Ал «теопоэтика» нұсқасын діни өлеңдер мен поэзиялық шығармаларға қатысты термин ретінде жұмсауға толық негіз бар. Сондай-ақ «лингвотеология» терминінің семантикалық әлеуеті «теолингвистикамен» барабар десек, «лингвистикалық дінтану» нұсқасын оның бір бөлігі, ал «православтық/католиктік/протестанттық лингвистика» деген нұсқаларды аталмыш саланың түрлі конфессияларға қатысты тармақталған бағыттары деп санауға болады.

Осы үлгімен *ислами* немесе *исламдық лингвистика* деп аталатын сала қалыптасса, оның аясында тіліміздегі, яғни қазақ социумының

сөзжұмсамындағы аталмыш дінмен байланысты туындаған, әсіресе, араб тілінен енген, әлі де еніп жатқан мыңдаған атаулардың мағынасы жан-жақты қарастырылып, олардың қолданысына қатысты көптеген ерекшеліктер анықталар еді. Мәселен, тәуелсіздік жылдарында араб елдеріне барып, исламның түрлі мазһабтары (*мазһаб* пен *мәзһабтың* жарыспалы нұсқалар екендігі мәлім) бойынша білім алып, «дінтанушы» мамандығын иемденіп келген қазақтардың сөз қолданысында түрлі алшақтықтардың бар екенін, олардың лексиконының басым бөлігі арабизмдерден тұратынын, ол сөздердің түгелге жуық *араб тіліндегі нұсқасында айтылып* жүргенін, сөйтіп, біріншіден, қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарының, екіншіден, соның нәтижесінде сөздің, сөзжұмсамның коммуникативтік сапаларының (сөз тазалығы, дұрыстығы, мәнерлілігі т. б.) сақталмауына белгілі бір дәрежеде ықпал етіп отырғанын көріп-біліп жүрсек те, тиісті дәрежеде көңіл бөлмей отырмыз. Ал мұның салдары бүгін білінбегенімен, ертең *ұлттық санаға, этностың біртұтастығына* нұқсан келтіретін үлкен проблемаларға алып келуі мүмкін. Қазіргі кезде лингвоэкология, социолингвистика, қала берді лингвоясаясаттану салаларының ортақ және күрделі проблемасы болып отырған бұл мәселе кезінде Ыбырай Алтынсарин сынды ұлт жанашырын да толғандырған. Ол 1883 ж. қазақ-орыс мектептеріне арнап ислам дінінің мәні, мақсаттарымен таныстыратын «Мұсылманшылықтың тұтқасы» («Шариат-ул ислам») атты оқулығын жазып, Қазан қаласында араб әрпімен бастырып шығарған болатын. Ұлы ұстаздың осы кітаптың кіріспесінде айтылған мына ойы бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ: «...*біріншіден*, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін; *екіншіден*, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алып кетпеуі үшін, мен соңғы кезде Мұхаммет шариғатын үйрене бастап, ...осы оқу құралын құрастыруға кірістім» [13]. Бұл проблеманың қазіргі кезде өткірлене түсуіне елімізде етек алған «әсіре діншілдік» көріністері – сан түрлі діни ағымдар мен конфессиялардың «заңды түрде» әрекет етіп жатқандығы тікелей себеп болып отырғаны мәлім. Біздіңше, бұл терминологтардың немесе лингвистердің ғана айналысатын проблемасы емес, оның дұрыс шешімін табуына бүкіл зиялы қауым, жаппай халық болып атсалысуы қажет!

Өзге елдердің тіл білімінде діни дискурстың жанрлары [14], діни дискурс философиялық-дінтанымдық рефлексия нысаны ретінде [15], дін саласындағы мәтіндердің стилистикалық ерекшеліктері мен жанрлары, тіпті діннің сан салалы тармақтарының өзі арнайы қарастырылып, диссертациялық зерттеулерге [16] арқау болып жатқандығы мәлім. Бұл орайда еліміздің болашақ ғалымдарына артылатын жүк салмақты.

Сонымен *теолингвистика*, құдай және онымен байланысты басқа да діни ұғымдарды, олардың атауларына, яғни *теонимдердің* қолданысына қатысты ерекшеліктерді, *дінтану* немесе *теология* ғылымының шеңберіне кіретін көптеген мәселелерді қарастыратын дербес сала болып табылады. Оның *диахронды және синхронды теолингвистика* деген үлкен екі бөліміне қатысты өзекті мәселелері арнайы қарастыруды қажет етеді.

Көріп отырғанымыздай, теолингвистиканың тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасуы және дамуы жөніндегі мәселе тіл ғылымының ғана емес, тұтас алғанда, бүкіл гуманитарлық ғылымдардың *өзекті проблемалары* қатарынан орын алады. Осымен байланысты, қазіргі қазақ қоғамында қолданылып жүрген *діни тілдік бірліктердің* прагматикалық ерекшеліктерін тарихи теолингвистика шеңберінде, яғни орта ғасыр жазба ескерткіштері материалында *ұлттық сарасана* тұрғысынан қарастыру қашан да өзекті.

Қорыта келгенде, теолингвистика – антропоөзекті парадигма басымдық алған тіл біліміндегі жаңа бағыт деп саналғанымен, оның тарихи тамыры тереңде. Заманауи теолингвистика даму үстіндегі, әлі шекара-шегі анықталып болмаған сала десек, қателеспейміз. Оны енді дамып келе жатқан зерттеулер жүйесі деуге де болады. Алайда адам өмірінің қай саласын да қамтитын дін мен тілдің өзара сабақтастығы дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Сондықтан оның шын мәнінде зерттеліп, ұғымдық аппаратының қалыптасып, ғылыми айналымға енгізілуі тарихи және заманауи теолингвистиканың көптеген мәселелерінің басын ашары анық.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Сүйеркүл Б. М., Сейітбекова А. А. «Тарихи теолингвистика: қалыптасуы, дамуы, негізгі бағыттары. Н.Рабғұзидің «Адам ата-Хауа ана» қиссасы мен А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастаны материалдары негізінде. Монография. – Алматы, 2017. – 140 б.

2 Нұрпейісова М., Төлеуов Б. Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани // <http://adebiportal.kz/kz/authors/view/2528>

3 Дербісәлі Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 б.

4 Сахих хадистер. Таңдамалы. Бірінші кітап. – Алматы, 2003. – 224 б.

5 Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.

6 Палтөре Ы. М. Абай Құнанбайұлының шығармаларында Құран және хадис мәтіндерінің интерпретациялануы: филос. докт. (PhD) ... дисс. – Алматы, 2012. – 232 б.

7 Гадамский А. К. Религиозный язык – теолингвистика – языкознание // Ученые записки Таврического национального университета. Филология. – Симферополь: ТНУ, 2007. – С. 287-292.

8 Гадамский А. К. Русская теолингвистика: история, основные направления исследований // URL: <http://www.isj.sanu.ac.rs/sajt>.

9 Гадамский А. К. Теолингвистика: история вопроса // Ученые записки Таврического национального университета. Филология. – Том 1.18 (57). – Симферополь: ТНУ. – 2005. №1. – С. 16-26.

10 Мечковская Н. Б. Язык и религия. Пособие для студентов гуманитарных вузов. – М.: Агентство “ФАИР”, 1998. – 352 с.

11 Шамарова С. И. О развитии нового раздела языкознания – теолингвистики // Теория и практика языковой

коммуникации. Материалы III Международной конференции. – Уфа: УГАТУ, 2011. – С. 477-480.

12 Шамарова С. И. Об этимологических и лексических трансформациях в области теоллингвистики // Инновации и перспективы сервиса. Сб. статей VIII Международной научно-технической конференции. Ч. 17. – Уфа: УГАЭС, 2011. – С. 169-174.

13 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 92 б.

14 Богачевская И.В. Религиозный дискурс: ценности, жанры, стратегии (на материале православного вероучения): Автореферат дис. ...д-ра филол. наук. – Волгоград, 2006, –28 с.

15 Богачевская И.В. Религиозный дискурс как объект философско-религиоведческой рефлексии // «Вопросы духовной культуры», 2005. с.119-121.

16 Бугаева И.В. Язык православной сферы: современное состояние, тенденции развития: Автореф. дис. ... д-ра филол. наук. – Москва. 2010,–27 с.